



ТАЗАҚАЗАЛЫ

№102
(2377)
Сәрсенбі
24 желтоқсан
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН АЗАМАТТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Қазалы ауданында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді үлес қосқан азаматтарды марапаттауға арналған салтанатты шара өтті.

Әйтеке би кенттік Мәдениет үйінде өткен «Тазалық – ұлттың рухани кемелдігі» атты жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, тазалық акциясы аясында жыл көлемінде атқарылған жұмыстар жайында әңгімеледі.

Ауданымызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясында аймақбасшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен қоршаған ортаны жақсарту, қоғамның табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Жыл басынан бері аудан орталығы мен елді мекендерде 100-ден астам кең ауқымды сенбілік жұмыстары жүргізілді. Атқарылған тазалық жұмыстарының нәтижесінде 2025 жылдың есепті кезеңінде 20840 тонна қоқыс арнайы орындарға шығарылып, оның 7688 тоннасы сұрыпталды. Ал, тазалық шаралары аясында аудан бойынша жыл басынан бері 41900 ағаш егіліп, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Тазалық пен тәртіп – кезкелген аймақтың табысты дамуының кепілі ғана емес, тұрғындардың мәдениеттілігінің өлшемі.

Барша жерлестерімді, еңбек ұжымдары мен кәсіпкерлерді игі бастаманы өз үйінен бастап,



аулалар мен көшелерде, мөлтек аудандарда жүзеге асыруға, қала, кент мен ауылдарда тазалық жұмыстарына ұйытқы, жақсы істерге дәнекер болуға шақырамын, - деді аудан әкімі.

Салтанатты шарада «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына ерекше үлес қосқан бірқатар ұжымдар аудан әкімінің «Үлгілі балабақша», «Үлгілі мектеп», «Үлгілі кәсіпорын» және «Үлгілі жеке тұрғын үй ауласы» номинацияларымен марапатталып, экологиялық акцияда ерекшеленген елді мекендерге аудан әкімінің дипломы мен қаржылай сыйақысы табысталды. Мәселен, Ғани Мұратбаев ауылдық

округі 3 дәрежелі дипломмен марапатталып, 3000000 теңгенің қаржылай сертификатына, «Майдакөл» ауылдық округі 2 дәрежелі ди-

пломмен және 5000000 теңгенің сертификатына, «Қарашеңгел» ауылдық округі 1 дәрежелі дипломмен марапатталып, 7000000 теңгенің сертифи-

катына ие болды.

Айта кетейік, елді мекендерді дамыту, ауылдағы ағайынның тыныс-тіршілігін жақсарту, қолайлы орта қалыптастыру, ауылдағы көркейту, көгалдандыру жұмыстарын ынталандыру мақсатында аймағымызда 2023 жылдан бастап дәстүрлі түрде «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Соңғы екі жылда облыс бойынша конкурс жеңімпаздарына 1млрд. 500 млн. теңгеге күнделікті ел тұрмысына қажетті заманауи үлгідегі 48 арнайы техника берілді. Оның ішінде, соңғы екі жылда «Үлгілі елді мекен» байқауының «Үлгілі



аудан» номинациясы бойынша Қазалы ауданына 300 млн. теңгенің 8 техникасы табысталып, ал, тірек және серіктес елді мекендер санатына кірмейтін ауылдардың абаттандыру жобаларын қаржыландыру бойынша ауданға қарасты «Өркендеу» және «Бозкөл» ауылдық округтеріне 30 млн. теңгенің арнайы сертификаттары табысталды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

«АҚСУАТ» АУЫЛЫНДА ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Қазалы ауданындағы «Ақсуат» ауылында ауылдық елді мекендерде ерікті өрт сөндіру жүйесін нығайту мақсатындағы «Ауыл құтқарушысы» бағдарламасы аясында жаңа өрт сөндіру бекеті ашылды.

Жаңа бекеттің ашылу рәсіміне аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, облыстық Төтенше жағдайлар департаменті бастығының бірінші орынбасары Жасұлан Түйменов және азаматтық қорғау саласының қызметкерлері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Шарада аудан басшысы ауыл тұрғындарын жаңа бекеттің ашылуымен құттықтап, ауыл тұрғындары мен аудандағы төтенше жағдайлар саласына көрсетіліп жатқан қолдау, материалдық-техникалық тұрғыдан нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайында айтты.

- Бүгінде Президентіміздің тапсырмасы негізінде, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен өңірдегі төтенше жағдайлар саласын материалдық-техникалық тұрғыдан нығайтуға айырықша көңіл бөлініп келеді. Бүгін Өздеріңіздің қатысуларыңызбен «Ақсуат» елді мекенінен өрт сөндіру бекеті ашылып, бекетке заман талабына сай өрт сөндіру техникасы табысталуда. Соңғы 2 жылда ауданға қарасты «Қызылқұм», «Майдакөл» және «Аранды» ауылдық округтеріне өрт сөндіретін 3 техника табысталса, аудан орталығындағы

амандығы мен тыныштығы – әрқайсымыз үшін маңызды. Ендеше, осы бекетте еңбек ететін өрт сөндіруші мамандарға сәттілік, қызметтеріне табыс тілеймін! Мереке қарсаңында ашылып жатқан жаңа нысан тағы да құтты болсын, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Өрт сөндіру бекетінің ашылу рәсімінде ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген ауыл тұрғындары мен салада жемісті еңбек етіп жүрген төтеншеліктер аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Ал, аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Алтынбек Сауытбекұлына Қазалы ауданының Құрмет грамотасы табысталды. Сондай-ақ, бірқатар азаматтар Төтенше жағдайлар министрлігінің «Алғыс хаты» мен ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдық төсбелгісімен марапатталды.

Бекеттің ашылу рәсімінде ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген облыстық Төтенше жағдайлар департаменті бастығының бірінші орынбасары Жасұлан Түйменов сөз алып, ауыл тұрғындары мен төтеншеліктерді жаңа өрт сөндіру бекетінің ашылуымен құттықтады. Ал, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Рзаханов ауыл халқының игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстарға алғысын жеткізіп, батасын берді.

Мұнан соң, қонақтар мен ауыл тұрғындары жаңа өрт сөндіру



өрт сөндіру мекемесінің 3 техникасы жаңартылды.

Жыл басынан бері ауданымызда 24 өрт оқиғасы орын алып, былтырғы жылмен салыстырғанда 7 өрт оқиғасы азайды. Орын алған оқиға орындарына құтқарушылар дер кезінде жетіп, нәтижелі жұмыс атқаруынан қайғылы жағдайлар орын алған жоқ. Авариялық құтқару және шұғыл жұмыстарға 139 рет шығып, оның ішінде 56 адамға көмек көрсетілді. Өрт оқиғаларынан 35 тұрғын үй мен басқа да нысандар құтқарылады. Ауылдың

бекетінің ішін аралап көріп, техникалық мүмкіндіктерімен танысты.

Ғимарат барлық қажетті құрал - жабдықтармен, оның ішінде жаңа өрт сөндіру көлігімен, қызметкерлердің жатын және асхана бөлмесімен толық қамтамасыз етілген.

Айта кетейік, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы негізінде «Ақсуат» ауылындағы ашылған жаңа бекет 6 елді мекенді, 1800-ден астам тұрғындарды өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз етеді.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРША ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауданның бас шыршасының шамын жағу рәсіміне қатысты.

Әйтеке би кентіндегі орталық алаңда өткен «Шырша шамы – шаттық нұры» атты іс-шарада аудан басшысы тұрғындарды алдағы Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

-Жаңа жыл – бәріміз ақ пейілмен асыға күтетін, қуанышқа толы, келер күнге мол сенім артатын ерекше мереке. 2025 жыл біздің еліміз үшін, киелі Сыр өңірі мен қасиетті Қазалы ауданы үшін бірлік пен берекенің, жаңа жетістіктер мен толайым табыстың кезеңі болды деп айтуға болады.

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің даму қарқынына, атқарған жұмыстарымызға оң бағасын берді. Мемлекет басшысының өңірге берген бұл бағасы - бәріміз үшін зор мәртебе.

Жылдың басында аудан бюджеті 18,9 млрд. теңгеге бекітілсе, биылғы жылдың 11 айының қортындысымен 21,6 млрд. теңгеге жетті. Жыл басынан бері барлық макроэкономикалық көрсеткіштеріміз 100 пайыздан артық орындалып,

жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Алдағы уақытта да ауқымды жобаларымыз көп. Өздеріңізбен бірлесіп, атқаратын боламыз. Өтер жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп. Жаңа жыл еліміз бен өңіріміз үшін қарымы қарышты, толайым табысты болғай! Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға ырыс-ынтымақ тілеймін!», - деді аудан басшысы.

Бас шыршаны жағу мәртебесі өз саласында үздік атанған жерлестерімізге – ел намысын халықаралық және республикалық ареналарда абыроймен қорғап жүрген, Қазақстан Республикасының ауыр атлетика чемпионатының жеңімпазы, ауыр атлетикадан спорт шеберлігіне кандидат, Қазалының қайсар да намысты спортшы қызы Төребаева Фатима мен білім мен тәрбиенің биігінен көрініп, болашаққа нық қадам басып келе жатқан, Мұстафа Матаев атындағы №170 мектептің үздік үшінші сынып оқушысы - Әмина Жасұланқызына берілді.

Мерекелік іс-шара аудан өнерпаздарының көңілді концертімен және от шашумен жалғасты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

● Хабарландыру

2025 жылғы 26 желтоқсан күні сағат 10:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс 50 сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Қазалы ауданының 2026 - 2030 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы; 2. «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы XXXII сессиясының № 34 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

«АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру бағытында Қазалы ауданында ауыл халқының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша қаржыландыру жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда жобаның бюджеттік бағдарлама әкімшісі облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы тарапынан конкурс жарияланып, сенім білдірілген өкілді (агент) анықтау жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде «Байқоңыр ӘКК» АҚ-ы сенім білдірілген өкіл (агент) болып белгіленді.

Ауданымызда «Ауыл аманаты» бағдарламасының аясында 2023 жылы жалпы құны 484,4 млн.теңгені құрайтын 68 жоба қаржыландырылды. Қамтылған елді мекендер саны – 16 ауыл.

2024 жылы жалпы сомасы 399,2 млн.теңгені құрайтын 63 жоба қаржыландырылды. Қамтылған елді мекен саны – 18 ауыл.

2025 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасын қаржыландыруға Қазалы ауданына тиісінше 834,2 млн.теңге бөлініп отыр.

Бүгінгі күнге ауданымыздан 40 жоба, құны 288,6 млн теңгеге қаржыландырылып, 546,6 млн.теңгені игеру жоспары тұр.

Құрметті аудан тұрғындары!

Өздеріңіздің ойларыңызда жүрген бизнес идеяларыңыз жоспарларыңыз болса «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысуға шақырамыз.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 53 бұйрығы негізінде бағдарлама жүзеге асады.

Ауылдық елді мекендердің және шағын қалалардың жеке және заңды тұлғалары ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі бағдарлама шеңберінде микрокредиттер алуға үміткерлер болып табылады:

Жұмыссыздар;
Дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеусіз кіріс алу мақсатында тауарларды өндіру (өткізу), жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жөніндегі қызметті өз бетінше жүзеге асыратын тұлғалар және жұмыс істемей тұрған дара кәсіпкерлер;

Отбасылық кәсіпкерлікте ақы төленбейтін қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;

Жеке қосалқы шаруашылықты сату (айырбастау) үшін өнім өндіру бойынша қызметті өз бетінше жүзеге асыратын, кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен адамдар;

Қызметін «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» және «Өндірістік ко-

оператив туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес қызметін жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы кооперативтері, сондай-ақ кооператив мүшелері;

Дара кәсіпкер болып табылады.

Микрокредиттер үміткерлерге жеделділік, ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, нысаналы пайдалану қағидаттарын сақтай отырып мынадай шарттармен беріледі:

Микрокредит мерзімі – ауыл шаруашылығы түрлері емес бизнес үшін 5 (бес) жылға дейін, ауыл шаруашылығы және өнімді қайта өңдеу саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін;

Микрокредиттердің ең жоғарғы сомасы – 2500 (екі мың бес жүз) айлық есептік көрсеткішке дейін, 2025 жылға АЕК 3932 тг х 2500 = 9 млн 830 мың тг, 2026 жылға АЕК 4325 тг х 2500 = 10 млн 812 мың 500 тг, алб ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін – 8000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткішке дейін, 2025 жылға АЕК 3932тг х 8000 = 31 млн 456 мың тг. 2026 жылға АЕК 4325тг х 8000 = 34 млн 600 мың тг.

Номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2,5 (екі жарым) %-дан аспайды;

Кепілдік қамтамасыз етудің болуы;

Негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең микрокре-

дит беру мерзімі ұзақтығының 12 (он екі) айынан аспайды;

Микрокредит беруге өтінімдер ауылдық округтердің басым бағыттарына сәйкес талдамалық ақпарат негізінде қаралады.

Ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны масштабтау шеңберінде микрокредиттер алу үшін жобаларды іріктеудің негізгі өлшемшарттары:

1) жобаның скринингке сәйкес басым бағыттарға сәйкестігі;

2) тұрақты жұмыс орындарын құру;

3) жаңа, бұрын пайдаланылмаған техниканы, жабдықты сатып алу.

Микрокредиттер мынадай мақсаттарға берілмейді:

Жеңіл автокөлік сатып алу;

Ауыл шаруашылығы жануарларын жақын туыстарынан сатып алу;

Туристік-рекреациялық аймақтарда орналасқан және туристер мен демалушылардың уақытша тұруына арналған объектілерді қоспағанда, кейіннен жалға беру мақсатында тұрғын үй мақсатындағы ғимараттарды, үй-жайларды, объектілерді сатып алу және немесе салу;

Көтерме және бөлшек саудаға;

Микрокредиттер алуға аралған құжаттар тізбесі:

Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі

Құрметті аудан тұрғындары!

«АУЫЛ АМАНАТЫ» жобасы бойынша ұсыныс-пікірлеріңіз немесе тиісті жобаларыңыз болса төмендегі мекен-жайларға, тиісті мамандарға хабарласуларыңызды сұраймыз

Р/с	Кент, қала, ауылдық округ атауы	Жауапты маманның аты-жөні	Байланыс телефондары	Орналасқан жері
1	«Аранды»	Ақтілеу Баймұрат, Айдана Тәппет	55-1-64	Қожабақы ауылы, Т.Емешұлы көшесі, №5
2	«Ақжона»	Диханбек Китманбетов	35-2-74	«Майдакөл» ауылы, Орталық көшесі көшесі, №27
3	«Алға»	Кенжетай Нағызалиев	35-0-45	Түктібаев ауылы, Жаңа басшылық көшесі, №8
4	«Арықбалық»	Жасұлан Ниетәли, Қуаныш Қимағанбетов	25-6-41	Жаңқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі, №23
5	Басықара	Гүлшара Сембиева, Ғани Оразалы	25-5-46	Басықара ауылы, С. Мұқанов көшесі, №1
6	«Бозкө»	Айнұр Смет	34-0-80/37-1-23	«Бөзкөл» ауылы, Өтепбергенов көшесі, №22
7	«Бірлік»	Дана Дакибаева	25-3-14	«Бірлік» ауылы, Тәуелсіздік көшесі, №15А
8	«Көларық»	Бекарыс Нұрланұлы, Едіге Жадырасын	25-2-27	Ақтан батыр ауылы, Ақтан батыр көшесі көшесі, №7
9	«Қарашеңгел»	Исатай Еркебаев	25-9-20	Жалаңтөс батыр ауылы, Ә.Ыбыраев көшесі, №16
10	«Қызылқұм»	Жарасхан Жалғасбаев	37-1-73/37-1-98	«Кәукей» ауылы, Кәукей көшесі көшесі, №2
11	«Құмжиек»	Нажмалин Нұршабаев, Санат Жұмашов	25-7-27	Қ.Пірімов ауылы, Ғ.Мұратбаев көшесі, №26
12	«Майдакөл»	Ақылбек Сқақов	28-2-40	Бекарыстан би ауылы, Е.Тілеубаев көшесі, №16
13	«Майлыбас»	Айгелді Маханбетжанов, Гүльнафиса Сүлейменова	28-0-75	«Ақсуат» ауылы, Амангелді көшесі, №23
14	Мұратбаев	Талғат Серикбаев	31-5-87/30-3-07	Мұратбаев ауылы, Ғ.Мұратбаев көшесі, №13
15	«Өркендеу»	Жанболат Тлеужанов	34-2-93/34-4-98	«Жанкент» ауылы, Қорқыт ата көшесі, №21
16	«Сарбұлақ»	Жандос Дәрихожаев	37-5-81	«Сарбұлақ» ауылы, Сарбұлақ көшесі көшесі, №61
17	«Сарыкөл»	Алпысбай Қожахмет	31-4-12	Абай ауылы, З.Шыраев көшесі, №31
18	«Тасарық»	Олжас Абат	34-7-97	«Тасарық» ауылы, Т.Бекжанов көшесі, №13
19	«Шәкен»	Бексұлтан Сүлейменов	36-6-17	«Шәкен» ауылы, Қ.Шабарбаев көшесі, №9
20	Қазалы қаласы	Олжас Алдоңғар, Мұратбек Нағашыбаев	51-1-34	Қазалы қаласы, Қорқыт Ата көшесі, №24 б
21	Әйтеке би кенті	Бахытбек Еримбетов, Уалихан Ықыласов	22-1-53/23-5-55/21-0-18	Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №5 кабинет-107

ЖАҢАДАН ҚҰРЫЛҒАН КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР — СОТ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

2025 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда жаңадан үш кассациялық сот жұмысын бастады. Бұлар қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша арнайы соттар болып табылады және өз қызметін елорда — Астана қаласында жүзеге асырады.

Кассациялық соттар — бұл төменгі деңгейдегі соттардың шешімдеріне қайта қарап, заңдылық пен сот практикасының дұрыс қолданылуын тексеретін тәуелсіз ұйымдар. Олар істердің фактілерін қайта анықтамайды, тек құқықтық нормалардың дұрыс

қолданылғанын бағалайды.

Елімізде бұрын кассациялық (яғни, ең соңғы шешімді қайта қарау) функциясын Жоғарғы Сот атқаратын. Алайда бұл жүйе бірқатар кемшіліктерге әкелді: азаматтарға кассацияға жүгіну қиын болған, әр түрлі істерді қарау тәртібі біркелкі болмаған.

“Үздіксіз кассация” қағидасы енгізілді — барлық өтініштер тікелей және толықтай қаралады.

Істерді қарау мерзімі 6 айдан аспайды, бұл сот төрелігіне қол жеткізуді жеделдетеді.

2027 жылдан бастап

кейбір жеңіл және шағын істер бойынша кассациялық шағым жасау мүмкіндігі кеңейтіледі.

Жаңа кассациялық соттар құрылғаннан кейін Жоғарғы Соттың рөлі өзгерді — ол енді ең соңғы инстанция ретінде тек күрделі және ерекше жағдайларды қарайды.

Жаңа соттар жұмысы Қазақстанның сот жүйесін айтарлықтай жаңғыртады:

- адал және уақытылы сот төрелігіне қол жеткізуді жақсартады;
- сот шешімдерінің сапасын арттырады;
- Қ а з а қ с т а н

азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды нығайтады;

• сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етеді.

Кассациялық соттардың құрылуы — Қазақстан сот жүйесін дамытудағы маңызды қадам. Бұл реформа арқылы сот төрелігі ашық, әділ және тиімдірек болуы тиіс. Жаңа кассациялық соттар азаматтардың құқықтық қауіпсіздігін нығайтып, құқық қорғау жүйесінің сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жаныбек БОСТАНДЫҚҰЛЫ,
Қазалы аудандық сотының судьясы

2025 ЖЫЛҒЫ ӨРТ МАУСЫМЫНЫҢ ҚОРТЫНДЫСЫ

2025 жылғы өрт маусымында орман алқаптарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында бірқатар алдын алу және практикалық шаралар жүзеге асырылды. Өрт маусымы басталысымен аудандық ішкі істер және Төтенше жағдайлар бөлімімен бірлескен іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Алдын алу шаралары.

Көктемгі науқан кезінде шаруашылықтар мен тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндіріліп, 100 ескерту хаты мен 500 ұнпарақ таратылды. Орман қоры аумағында қауіпсіздік бағытындағы 14 аншлаг жаңадан орнатылды. Жыл ішінде 8 рет үгіт-насихат жұмыстары, ал шалғай елді мекендерде 10 түсіндіру кездесуі өткізілді.

Жалпы 1095 шақырым минералды жолақтың 1030 шақырымы жаңартылды, 65 шақырымы жаңадан салынды. Қарақұм орманшылығындағы 2 бақылау мұнарасы тұрақты жұмыс істеді. Сонымен қатар, өрт-тактикалық екі оқу-жаттығу ұйымдастырылды.

Өрт қауіпін төмендету мақсатында бекітілген 17965 гектар аумақтың 5980 гектарының шөптесін өсімдіктерін бақылап өрттеу жұмыстары жүргізілді.

2025 жылы бірнеше өрт фактілері анықталды:

• Қызылқұм орманшылығы (27 наурыз) 168,9 гектар, оның 97,78 гектары бақылап өртеуге жататыны анықталды. Қалған аумақ қамыс қалдықтары. Залал жоқ.

• Ұялы орманшылығы (18 сәуір) 163 гектар, оның 85,2 гектары жыңғыл. Табиғатқа келтірілген шығын 184 253 теңге өндірілді.

• «Сарыбұлақ» (21 қыркүйек) 2,55 гектары қамыс қалдықтары. Қауіпсіздік талаптарын сақтамау фактісі бойынша шара қолданылды.

• «Сарыбұлақ» (13 қазан) 1,5 гектар залал жоқ, әкімшілік айыппұл салынды.

• Ұялы (4 қараша) шекаралық аймақта 0,9 гектар залал жоқ, себебі белгісіз.

• Қызылқұм (14 қазан) 0,4 гектар, 1,2 шаршы метр жүзгін зақымдалған, шығын 1038 теңге өндірілді.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Өрт сөндіруге қажетті техникалар: тракторлар, өрт сөндіру көлігі, УАЗ автокөлігі, мотопомпалар, негізгі құрал-саймандар және жанар-жағармай қоры толық дайын болды. Мекемеде 15 адамнан тұратын ерікті өрт сөндіру жасағы құрылып жұмыс істеді.

Өрттің алдын алу және жедел әрекет ету мақсатында 60 портативті рация, 5 спутниктік телефон, 12 навигатор, 5 мобильді рация қолданыста болды. Төтенше жағдайлар және полиция бөлімдерімен бірлескен рейдтер үздіксіз жүргізілді.

Асқар РАХМЕТОВ,
«Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік КММ» мекемесі директорының орынбасары

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал, ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық

Конституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау майоры

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі «Қазалысушар» өндірістік учаскесінің директоры Әбілдаев Нұрлан Ерғалиұлының анасы

ЖҰМАҒАЛИЕВА ЗИБАГҰЛ ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.